

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы  
24.04.2023 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы М.Д.Абилдаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Б.О.Тажиметов

**Күн тәртібі:**

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. Қажет жағдайда Қазақстандық және Халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы PhD., аға оқытушы Г.Масадикова:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Өнер даярлау» бакалавр деңгейіндегі ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, Қажет жағдайда Қазақстандық және Халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау қаралады.

**АК персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова:** Күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мен ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауға байланысты



Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер АК айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. ББ әзірлеу 4 кезеңнен құралады: ББ әзірлеуге дайындық, ББ жобалау, ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу, ББ әзірлеу сапасын бағалау болып табылады. ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі дайындалады.

**АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева:** Күн тәртібіндегі *екінші* мәселесі, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауда ресурстарға қажеттілікті анықтау керек. ББ-ға қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындалады. Білім беру бағдарламаларын толық жүзеге асыру үшін келесі ресурстардың қандай және қаншалықты екендігін белгілеу керек.

**АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев:** Күн тәртібіндегі *үшінші* мәселе бойынша, қажет жағдайда Қазақстандық және Халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеп, Түркия, Өзбекістан, Қырғызыстан және де Әзербайжан мемлекеттерінен профессор оқытушыларды қабылдау жоспарын жасадық. «Өнер даярлау» бағыты бойынша әр бір білім беру бағдарламасына екі оқытушыдан ұсындық.

**АК төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Масадикова:** Құрметті АК мүшелері «Өнер даярлау» бағыты бойынша бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталды, қажет жағдайда Қазақстандық және Халықаралық нарықта оқытушылармен ғалымдарды қабылдау үшін ашық ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқытушылармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау сәуір айында жасалатын жұмыстар болып табылады.

**Шешім:** Күн тәртібіндегі мәселелері бойынша «Өнер даярлау» бағытының ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданылды деп қабылдансын. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталсын. Қажет жағдайда Қазақстандық және шетелдік профессор оқытушылармен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленіп ұсынылсын. ББ пәндеріне қатысты керекті оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс берілсін. Сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі талдансын және қабылдансын.

АК төрағасы:

Г.Масадикова

Хатшысы:

Д.Есеналиева